

Әлихан БӨКЕЙХАННЫҢ туғанына – 155 жыл

Әлихан БӨКЕЙХАН Петерборда оқығанда университеттің заң факультетін экстерн түрінде бітіріп, 1984 жылы «Ғалым орманшы» және «Заңгер» деген қос диплом алып шыққан.

Ол XIX ғасырдың соңында Омбы орман шаруашылығы институтында оқытушылық қызмет атқарып, ғылыми жұмыстармен шұғылдана бастап, 1896 жылы көрнекті ғалымдардың кепілдемесімен орыс географиялық қоғамы Батыс-Сібір бөлімшесінің толық мүшесі болып сайланады. Әлекең 1905 жылы Семей облысы қазақтары атынан I Мемлекеттік думаға депутат болып сайланып, патшалық отаршылдыққа қарсы шыққаны үшін түрмеге қамалған.

1-ші орыс революциясы жеңіліс тапқаннан кейін Самараға жер аударылып, онда тек ғылыми-шығармашылық қызметпен айналысуға мәжбүр болды. Ә.Бөкейхан «Жаңа энциклопедиялық сөздіктің» 4-21 томдарына автор ретінде қатысты. «Қазақ» газетін шығаруға ұйытқы болды. Алаш көсемдері ұлт рухын ояту үшін өз газеттерін «Қазақ» деп атаған.

Әлихан, Ахмет, Жақыптар Алаш партиясын құрып, 1917 жылы желтоқсанда өткен осы партияның съезінде Ә.Бөкейхан Алашорда үкіметінің төрағасы болып сайланды. 1919 жылы большевиктер өкіметінің бұрынғы алашордашыларға жасаған кешірімінен кейін Әлихан қалған өмірін ғылыми зерттеушілікке арнады. Бірақ, ұлттық намыстан жұрдай, жалған интернационалист, жадағай белсенділердің көрсетуімен ол 1922-1926 жылдары 2 рет тұтқындалып, түрме азабын тартты. Әлиханның зор беделінен қорыққан большевиктер өкіметі оны Қазақстанға тарлатпады. Саяси күрестен бас тартып, тек ғылыми жұмыспен ғана айналысса да сталиндік билік 1937 жылы тұтқынға алып, 67 жасында Мәскеуде ату жазасына кесті. Сөйтіп, Әлихан көзі тірісінде патша абақтысы мен большевик-коммунистердің түрмесінің зардабын тартты. Ақыры сол жендеттер түбіне жетті.

Әлихан өз заманының аса білімді білгір, терең ойлы, ірі қайраткері. XX ғасырдың 80-ші жылдары жарық көрген Америка тарихшысы Марта Олкоттың «Басмашылар немесе Түркістандағы 1918-1924 жылдардағы азаматтық көтеріліс» және «Қазақтар» деп аталатын еңбектерінде Әлиханның 1917-1926 жылдардағы қайраткерлік қызметіне лайықты баға берілген. Өз еңбегінде автор большевиктер тарапынан жасалған қанды қырғын, қатал жазалау, бәрінен бұрын қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескен алаш көсемдеріне қарсы бағытталған анық та ашық көрсетеді.

Қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының ғасыр ширегіндегі ұлы жетекші көсемі Әлихан Бөкейхан қазақтың әлеуметтік-саяси орталықтарының бірі Қарқаралыда еркін ойдың ұлттық сананың оянуына зор ықпал етіп, ел шежіресінде елеулі із қалдырған.

XX ғасыр басындағы Әлиханның өмірінде Қарқаралымен байланысты екі үлкен тарихи оқиға кездесті. Алғашқысы – 1905 жылы жазда Ресей патшасы мен сенат атына жолданған атақты «Қарқаралы петициясы». Бұл қазақ халқының патшалық үкіметке қойған ең алғашқы саяси талабы болды. «Қарқаралы петициясына» барлығы 14 адам қол қойыпты. Петицияның авторлары Ә.Бөкейхан бастаған А.Байтұрсын, Ж.Ақбайұлы сынды қайраткерлер-тін. Олар патшалық өкіметтен дін-ождан



мәселесіне қысым көрсетпеді, қазақтардың ата-бабасынан мұра болып келе жатқан жерін өз иелігіне ғана беруді, ресми іс-қағаздарды ана тілінде жүргізуді, қазақ жастарынан мамандар дайындауды талап етті.

1905 жылы 25-26 маусымда Қоянды жәрмеңкесінде ерекше оқиға болды. Үш жүз қазақтарының өкілдері бас қосқан үлкен жиындарда бүкіл халық атынан Ресейдің ең жоғарғы билік орындарына бірнеше құжаттың жолданғаны белгілі. Құжаттар Ресей императорына, Министрлер Кеңесінің төрағасына, ішкі істер министрлігіне жіберілген. Петицияларды дайындап, халық өкілдеріне қол қойғызғандардың ішінде қазақ зиялылары Әлихан Бөкейхан, Жақып Ақбай, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Көлбай Тоғысұлы, Ахметқали Аяғанұлы бар.

Бұл, патша өкіметінің отарлау саясатына ашықтан-ашық петиция арқылы наразылық білдірген қазақ қоғамы атынан ұлт-азаттық өкілдерінің алғашқы қадамдары еді.

1905 жылы шілде айында Қоянды жәрмеңкесінде патша өкіметінің жүргізіп отырған саясатына қарсы Мақсұт Бекметевтің басшылығымен үнпарақ (листовкалар) таратылды. Ол Омбыдағы студенттердің, почта-телеграф қызметкерлерінің де ереуілдерін ұйымдастырушылардың бірі еді. Патша полициялары мен жандармдары революциялық үгіт жүргізгені үшін М.Бекметев қуғындалып, 1906 жылы абақтыға жабылды, айдауда жүріп 1912 жылы қайғылы қазаға ұшырады.

Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, алты миллион қазақ халқының саяси санасының оянғанын білдіретін құжат ретінде таратылған бұл петициялардың тарихи маңызы ерекше. 1905-1907 жылдардағы Орыстың бірінші революциясы бүкіл Ресей халықтарының саяси-азаттық санасына козғау салып, қазақ сияқты бұратана халықтарды да саяси бостандыққа шақырды.

Кейіннен осы «Қарқаралы петициясы» туралы Әлихан: «18 ақпан жарлығынан кейін қазақ өкілдері бас қосып, өздерінің мұң-мүддесін, саяси талап-тілегін тізіп, петиция қылып

жазды. Алайда, Петерборға жібермек болғанымызда пошта қабылдамай қойды. Одан соң петиция салынған пакетімізді жақын арадағы қалаға (400 шақ.) алып барсақ, дәл солай әурелендік, тек 3-ші қаланың (700 шақ.) поштасы ғана мейірімділік көрсетіп, пакетімізді қабылдады» деп жазды.

Әлиханның есімі 1905 жылғы әйгілі Қарқаралы демонстрациясымен де байланысты. Бұл жөнінде полицияның құпия қатынасында: «Биылғы жылдың 14 қарашасында Қарқаралы қаласында ереуіл болды. Жергілікті жандарм өкіметінің анықтауынша қазақтар арасындағы ең беделді кісі – Бөкейхан көрінеді», – деп хабарлаған. Бұл жөнінде Әлихан өзі кейін былай деп жазады: «Қарқаралы уезінің бастығы Оссовский: «Маған сеніп тапсырылған уезде көтеріліс басталды, оны басу үшін төтенше шара қолдану керек», – деп генерал-губернаторға құпия хабар жеткізді.

Оған көмекке қазақ-орыстар отрядын аттандырғалы отыр деген қауесет бар. Олай болса, Қарқаралы уезі заңсыздық пен әңгір таяқтың астында қалатын қауіп төніп тұр. Мен қазақ халқын танымайтын және өкінішке орай оның даласын талантаражға салып отырған безбүйрекертер жазықсыз халықтың қанын төккелі жатқанын білген соң, Қарқаралыға мынадай телеграмма жібердім: «Қарқаралы. Шыңғысұлына, Байтұрсынұлына. 27 қараша күні прокурор Жданович Қарқаралыға жүріп кетті. Оссовский губернаторға көтеріліс туралы баяндайды. Ақиқатты хабарла. Мен Мәскеу мен Петерборға хабарлаймын. Бөкейхан. 2-желтоқсан. 1905 жыл».

Осыдан соң А.Байтұрсынұлы Қарқаралының қазақ-орыс оқығандары (32 кісі) «Оссовскийдің Қарқаралыдағы әлдеқандай бүлік туралы хабары жалған», – деген телеграмма жібереді. Телеграмма қолына тиген Әлихан патша шенеуніктерімен генерал-губернатордың қанды қырғынға бастайтын қатерлі әрекеттерінің алдын алу үшін Ресей үкіметінің басшысы С.Виттеге, Әділет министріне және басқада саяси ұйымдары мен

газет редакцияларына жедел хабар жолдап, Қарқаралыдағы демонстрациядан соң, Жақып Ақбайұлы мен жергілікті орыс, қазақ училищесінің оқытушысы Аяғановқа «Өкіметке қарсы әрекет жасады» деген айып тағылғанын білген.

Халқының жанашыры, ел көсемі Әлихан жас кезінен халықтық мәселелерді, ел болашағын түптеп ой-

лап, түбірлей қам жеген. Әлекеңнің осы қасиеттері әлем классикасының алтын қорына қосылған М.Әуезовтің «Абай жолы» романында шынайы суреттелген. 40-50 жылдары Әлиханның атын атау, тіптен, мүмкін болмағандықтан, Мұхтар өз еңбегінде Әлиханды «Әзімхан төре» деп атай отырып, оны ұлтшыл деп көрсеткенімен, 2-ші жағынан Әлихан бар қазақты түгендеп жүрген қайраткер екенін суреттеп жазғаны білініп тұр.

Алаш көсемінің 1916 жылғы маусым жарлығы кезінде халықтың қарулы көтерілісін қолдамағаны мәлім. Дәл сол уақытта көтеріліске шығу халықтың бостан-босқа жаппай қырылуына әкеп соғатындығын Әлихан бастаған қазақ көсемдері жақсы білді.

Алаш көсемдерінің түпкі стратегиялық мақсаты – қазақ елінің дербестігі, тәуелсіздігі болғаны ақиқат. Сөйтсе де олар, бұл мақсатқа революциялық қантөгіс пен өзара қырқыс жолымен емес, эволюциялық жолмен жетуді ойлады. Бұл – олардың Абайдың шығармаларын бойына сіңіріп, соған амал жасағанын аңғартады.

Қазан төңкерісіне дейін де, одан кейін де Әлиханның қазақ халқы арасындағы бедел-құрметі аса зор болды. Алаштықтармен қарсы күресте қарсы позицияда тұрған, қызыл қыран атанған С.Сейфуллин өзінің «Тар жол, тайғақ кешу» кітабында: «Октябрь төңкерісінен кейін жиналыс-митинг, талас-тартыстар жиіледі. Орынборда болған Бөкейхан бастаған Алаш партиясы», – десе, екінші бір жерде: «Бөкейханұлын құрметтеп, Семейде қарсы алушылар Маннан Тұрғанбаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жүсіпбек Аймауытов» деп жазған.

Әлихан Қарқаралыдағы қазақ жастарымен кеңес өткізіп, ол туралы Сәбит Мұқанов «Өмір мектебінде» еңбегінде жазыпты. Біз ұлтының адал перзентіне деген халық бағасына лайық Әлиханның ұлтшылдығын әрдайым өнеге етеміз.

Шұға АЙТҚОЖИНА,
№95 мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі.